

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 18 қаңтарда жарияланған

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрі
Е.Ш. Қарашөкеевке

Депутаттық сауал

Құрметті Ербол Шырақпайұлы!

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұзақ мерзімді кезеңде ветеринариялық қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған ветеринария саласындағы заңнаманы жетілдіруді тапсырды.

Ауыл шаруашылығы малдары санының көбеюіне байланысты аусыл, бруцеллез, нодулярлық дерматит сияқты жұқпалы аурулардан қорғау мәселесі өзекті болып тұр, өңірлерде карантиндік іс-шаралар енгізілуде, бұл, әрине, мал шаруашылығы өнімдерін экспорттауға мүмкіндік бермейді.

Екі жылдан астам уақыт бойы Қытай Халық Республикасы нарығына өнім шығарылған жоқ, 2022 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына аусыл бойынша уақытша шектеулер енгізілді, оның ішінде Ресей Федерациясына да нарық жабылды.

2023 жылғы ақпанда аусыл бойынша мәртебені қалпына келтіруге берілген құжаттамаға Дүниежүзілік жануарларды қорғау қоғамы ғылыми комиссиясының қорытындысын алу күтілуде.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жобада мәлімделген, 2021 жылы асырылуға тиіс жаңа талдамалық жүйені құру туралы жоспарлар, цифрлық процестерді жетілдіру және деректерді жинау мен беруді автоматтандыру әлі де жүзеге асырылмаған. Тәжірибелік ветеринария мамандарының жалақысын көтеру тек ішінара жүзеге асырылды.

Ветеринария саласындағы биліктің бірыңғай вертикалын құруға – «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан

Республикасының Заңында көзделген бюджетте қаражат қарастырылмаған. Сонымен бірге, Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік ветеринариялық зертханалардың функцияларын жеке қолға беру саясатын дамытуда. Аудандық зертханаларды бәсекелестік ортаға, қарапайым тілмен айтқанда, жеке секторға беру көптеген проблемаларды тудырады. Ветеринария үшін «Олимп» медициналық орталықтарының тәжірибесін көзсіз көшіруге болмайды. Көптеген жылдар бойы біз жануарларды қарапайым сырғалармен қамтамасыз ете алмадық, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру электрондық базасының үздіксіз жұмысын жолға қоя алмадық, аудандар мен ауылдық округтерде интернет қанағаттанарлықсыз деңгейде жұмыс істейді. Тіпті бүгінде біз практикалық дәрігерлерді вакутайнерлермен, шприц-пробиркалармен қамтамасыз ете алмай отырмыз, олар ескі әдіспен шыны пробиркаларға қан үлгілерін алуға, содан кейін сарысуды бөліп, зертханаға жеткізуге мәжбүр.

Аса қауіпті инфекциялар бойынша жағдайды диагностикалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік монополияны жеке секторға беруге болмайды. Жалпы алғанда, әлем бойынша және атап айтқанда Қазақстанда біз инфекциялық, кардиологиялық, онкологиялық, тері-венерологиялық жеке клиникалар мен Жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромы (ЖИТС) диагностикалық орталықтарын және т.б. кездестірмедік. Ковидпен екі жылдан астам күрес біздің медицинада мамандарды даярлау мен эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруда «кемшіліктерді» көрсетті.

Ветеринариялық зертханалар мемлекеттік болуы тиіс және сонымен бір мезгілде жеке практика қатар дамуға тиіс деп санаймыз, өйткені бұған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде тыйым салынбаған. Жеке клиникалар мен зертханалардың үлгісі негізінде. Бірақ функцияны жеке секторға толығымен беру бұрын байқалған жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Ветеринариялық қызметтің бірыңғай вертикалын құру шеңберінде Нормативтік құқықтық актіге (НҚА) қажетті түзетулер енгізу және ол үшін қаражат бөлуді көздеу қажет. Экспорттық нарықтарды шектеу және ашықтық мәселелерін шешудің жеделдігі шеңберінде Ауыл шаруашылығы және Сауда және интеграция министрліктерінің бейінді департаменттеріне штат бірліктерін бөлу қажет.

Бұған қоса, жалақының төмендігі және әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі, тиісті материалдық базаның болмауы жастарды осы мамандыққа тартпайды, тиісінше кадрлар тапшылығын туғызады.

Білім беру гранттарының санын және ветеринариялық мамандыққа ауылдық квотаның пайызын жыл сайын ұлғайту жастарды бұл мамандықты таңдауға ынталандырмайды.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде және айқындалған проблемаларды шешу мақсатында:

1. Аса қауіпті инфекциялар бойынша жағдайды диагностикалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік монополияны жеке секторға беруден бас тарту;
2. Ветеринариялық қызметтің бірыңғай вертикалын құру шеңберінде Нормативтік құқықтық актіге өзгерістер енгізу және осы үшін Республикалық бюджетті нақтылау аясында қаражат бөлуді көздеу;

3. Мал шаруашылығы өнімдерін экспорттауға шектеу қою мен оны алып тастау жөніндегі мәселелерді жедел шешу үшін Ауыл шаруашылығы министрлігінің бейінді департаменттерінде штаттық бірліктер қарастыру;

4. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жобада мәлімделген талдамалық жүйені құруды, цифрлық процестерді жетілдіруді және деректерді жинау мен беруді автоматтандыруды қысқа мерзімде жүзеге асыру;

5. Ветеринариялық дәрігерлердің жалақысын ұлғайтуды қайта қарастыру.
Депутаттық сауалға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшелері

А. Бердалин
Қ. Абасов
Б. Торғаев
М. Төлепберген
А. Үйсімбаев

«Ақ жол» фракциясының мүшесі

А. Әбілдаев

Қазақстан халқы Ассамблеясынан
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты

Ш. Осин

Орындаушы: Қ.Тәжібай
Тел.: 746147